

2. Жапақов С.И. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол.ғыл.канд. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 107 б.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы.: Санат, 1997 – 224 б.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 208 б.
5. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. М.: Издательство «Наука», 1984. – 262 с.

\* \* \*

Концепт «человек» занимает центральное место в лингвоментальном пространстве казахского эпического фольклора и в героическом эпосе представляет собой по сути концепт «батыр» (эпический герой). Концепт «батыр» формируется и дополняется такими концептами, как «во-

оружие батыра», «конь батыра», «бездетные родители батыра, вымолившие его (батыра) у бога», «любимая красавица-жена». Концепт «батыр» представлен, как мы видим, и другими концептами, в совокупности формирующие его целостной образ. Часть названных концептов подвергнута анализу в настоящей статье. Эти концепты по отношению к концепту «батыр» являются микроконцептами.

\* \* \*

The conception of “human” takes the main role in lingvo-mental space of Kazak epic folklore.

In heroic poems the conception of “Human being” is simply “Hero”. The conception of “Hero” is filled with such conceptions as hero’s weapons, his horse, his brother or sister, his parents and his sweetheart. So, the conception of “Hero” exists not only by itself, it is given with its environment, and each of them is considered to be a concept, the so called microconception. And this article deals with some of these conceptions.

## М.Мақатаев өлеңдеріндегі және қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын көріністері

Д. С. Ибраева

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын мәселелері қарастырылады. М.Мақатаев поэзиясындағы кезінде жариялауға тыйым салынған діни өлеңдері талданады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ поэзиясындағы орта буын және жас ақын шығармаларындағы діни сарын көрініс тапқан өлеңдері зерттеліп, соның ішінде Т.Көпбаев, С.Қосан, А.Елгезек поэзиясынан мысалдар келтіріледі.

Кеңестік дәуірде халқымыз бұрынғы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарынан біртіндеп айырылып, діннен де аластатылды. Кеңес заманындағы мұндай қайшылықтар әдебиетіміз бен мәдениетімізге өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Көркем әдеби туындылар болсын, ғылыми зерттеулер болсын барлығы дерлік тілінің бөлектігі ғана болмаса, мазмұны түгелдей кеңестік идеологияның ықпалына бағынды. Көркем әдебиет қоғамның міндеттерімен тікелей байланыстыра қаралып, онда адамзат игілігіне жарайтын жалпы ортақ мәселелер көтерілмеді. Бұл процесс – әдебиетті өзінің даму заңдылықтарынан айырды. Әдебиетте идеологияға ұрыну басым болғандықтан, еркін тақырыпқа жазу тіпті мүмкін болмады. Сөз бостандығына жол берілмеді. Жеке авторлар мен олардың еңбектерін бағалауда талғампаздық жете бермеді. Жеке шығармалар тақырыбына қарап мадақталды, ал кеңестік идеологияға сәйкес келмейтін туын-

дылар өлтіре сыналды. Әдебиетте де дін тақырыбына жазуға тыйым салынды. Атеистер «Дін – апиын» деп ұран тастап, халықты діннен әбден бездіруге бар күштерін салды. Ұлтқа бөліну, дінге бөліну дегеннен мүлдем ада қалған халық кеңестік биліктің айтқанынан шыға алмады.

Бірақ сол дәуірдің өзінде қазақ поэзиясында дін тақырыбына қалам тартқан, діни өлеңдер жазған ақындар да болды. Ол ақындардың шығармалары қатаң сынға алынып, жариялануға тыйым салынды. Соған қарамастан діни мен діліне берік ақындар діни тақырыпта өлеңдерін жаза берді.

Солардың бірі және бірегейі, халқының асыл азаматтарының бірі, артына өшпес мұра қалдырған, ақиық ақын – Мұқағали Мақатаев. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында қазақ поэзиясынан ойып тұрып орын алған, поэзияға өзіндік түр, өрнегін қалыптастырған, жаңалығы мен жаңашылдығын қоса ен-

гізген ақын Мұқағали Мақатаев артынан мол мұра қалдырды. Әдебиеттің партия ықпалына түсіп, сөз еркіндігіне тұсау салынған уақытта да, қайсар ақын өз дегенінне жаңылмады, өз ұлтын, тілін, дінін жан-тәнімен сүйді, құрметтеді, қорғаштады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін әр алуан баспасөз беттерінде «Жарияланбаған жырлар» топтамасымен жарыққа шығып жүрген өлеңдерінің бірқатары – діни тақырыпқа жазылған өлеңдер.

Сатқан емен.  
Сатпаймын дінімді мен,  
Алла есімі – жүрегім жұлдырқтай,  
Жүрегімнің соққанын біліп жүрем [1.77]

деген қайсар ақынның жүрегінде өз дініне деген өшпес махаббаты, сарқылмас сенімі жатыр.

Мұхаммедтің үмбеті – мұсылманмын,  
Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.  
Алсын тағалам, ант етем, ант етемін,  
Алла есімін кеудемнен ұшырған күн.  
Алла - ақиқат.  
Аллаға сеніп өтем  
Адалдық пен ақиқат серігі екен.  
Адаспаймын, Аллама сеніп өтем,  
Арамдыққа баспаймын – жолы бөтен! [1.77]

Бұл өлең ақынның ешқандай партиялылыққа, атеистік көзқарастарға мойынсұнбаған, дініне берік жан болғанының айқын көрінісі.

Дін – ғылымның анасы,  
Дін ғылымның әкесі.  
Ғылым – діннің баласы,  
Дін – ғылымның көкесі!!! [1.81]

Өлеңде діннің адам өміріндегі маңызын, орнын түсіндіріп, ғылымның бастауы – дін деген тұжырымға келеді.

Я, Жаратушы Аллам!  
Қолдай гөр,  
Сүйей гөр мені, сүйей гөр!  
Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем.  
Жасаған ием!  
Құлап барам, сүйей бер!  
Пенделерге табына – табына болған ем.

Бұл жолдар арқылы ақынның жүрек толқынысынан шыққан мұңы мен арман-тілегінің куәсі боламыз.

Алланы сүю ұғымы – адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру, ал ол

үшін ең алдымен өзіңді өзің тазалауың қажет. Алланы сүю ізгілікке байланысты жол. Ақын тура жолдан адаспаған. Ақын түсінігінде Алла шүбәсіз шындық, дүниедегі бардың есімі. Алла тек ауызбен айтылған ақиқат емес, ол жүреппен қабылданатын шындық. Ислам дінінде иман келтіріп, мұсылман атану үшін Алланың бір, пайғамбардың хақтығын мойындау шарт.

Еліміз егемендік алып, өз алдына дербес мемлекетке айналуы көптеген өзгерістер енгізді. Тәуелсіздіктің әдебиетке тигізген ықпалы да аз болмады. Халқымыздың рухани байлығын шындап игеруге енді қол созуға мүмкіндік туды.

Көп жылдардан кейін халқымыз есін жиып, рухани санлақтарымыздың жарық жұлдыздары көріне бастады. Қазіргі кездегі қоғамдағы қажеттілік өткенге үлкен құрметпен қарау, рухани мұраларымыздың сабақтастығы, ұрпақтарымыздың тарихи жақындастығы, оны танып білуге деген құштарлық болашаққа жол ашып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ әдебиетінде негізінен, поэзияда бұрын ашылмаған, өз дәрежесінде жырланбаған, тың тақырып – дін тақырыбына кеңінен жол ашылды. Дін – қоғамдық құбылыстардың ішіндегі күрделісі, қоғамдық сананың үлкен бір саласы. Діни сезімдер адамдардың басын біріктіруде маңызды орынға ие екендігін жақсы білеміз. Қазақ халқы дінімен қайта қауышты. Кеңес заманында аға буын өкілдері шығармашылығынан көрініс таба қоймаған тың тақырыпты жастар жағы іліп әкетті.

Соңғы жиырма жылға таяу уақыттан бері 70 жыл бойы құрсауда болып келген діни наным-түсініктер қайта жаңғырып, жас ақындар шығармаларына арқау болды. Ол шығармаларда діннің қоғамдық-әлеуметтік мәні, адамгершілік принциптері мен этикалық ерекшеліктері бүгінгі күн тұрғысынан қайта пайымдалып, жанаша мазмұнда жырлануда.

Жыр майталманы, көрнекті дарынды ақын – Серік Аксұңқарұлы жырларынан діни сарын көрініс береді. «Дұға» атты өлеңдерінде туған елінің, халқының болашағын ойлап, елім – алаш жұртым аман, тыныш болса екен деп, Алладан медет тілеп, көмек сұрайды.

Алашымды сақта, құдай, жасыннан,  
Әзәзілден құлықтарын асырған.  
Қонақжай, пәк көңілдерін басынған,  
Сақтай көрші обыр менен масылдан.

Алла елшісі Мұхаммед пайғамбардың сенімділігін, табандылығын, қайырымдылығын, жомарттығын, хас мұсылмандығын өлеңдерінде ақын Серікбай Қосан дәріптейді.

Ең ақырғы пайғамбар – бір Алланың Елшісі,  
Құдай сүйіп дос етті, Құран – оның еншісі,  
Қысылғанды демеген, мүміндерді жебеген,  
Қалаулысы Құдайдың – жүректердің емшісі. [3.6]

Ақын Темірғали Көпбаев «Астарлы сөз» өлеңінде сөздің өзі Алланың адамға сыйға тартқан қазынасы екендігін, Құран Кәрімнің өзі асыл сөзден құралғандығын еске салып, оқырманға ой салады.

Сөз – әуелден қазынасы Алланың,  
Тағдырымыз сөз бен істің тізбегі.  
Құран Кәрім дүниенің бар мәнін  
Асыл сөздің астарынан іздеді. [2.25]

Қазақ поэзиясына өзіндік үлес қосқан, көрнекті ақын Мұхамеджан Тазабековтің «Дін Ислам – дінгегім» өлеңінде қазақтың арғы-бергі тарихында діннің орны бөлек болғанын, ата-бабамыздың ежелден діні мен діліне берік халық екендігін жырлай келіп, тәуелсіздікке қол жеткізгеніміздің өзін сол бес уақыт намазын қаза қылмай, елінің азаттығын аңсап өткен ерлердің ақ тілегінің қабыл болуы дейді.

Дін Ислам болсын бізге неге бөтен,  
Тектілердің тарихы терең екен.  
Кешегі Күлтегін мен Тоныкөктер  
Жаратқанға сыйынып келген екен...

Өткір тілді ақын халқының бостандыққа қол жеткізсе де, дінге әлі толыққанды мойынсұнбағанын, батысқа еліктеушілік пен арақ-шарап, ішімдік санасын улап, жалған жарнамаларға алданып жүргенін айтып налиды.

Біз қазақ бұл күндері кіммен доспыз,  
Адасып, айдалада жүрген көшпіз.  
Арабтың тіліндегі дінмен емес,  
Арақтың түбіндегі жынмен доспыз.

Имансыздық түбір орға құлататындығын ақын жақсы түсінді. Сол себепті де халқының мұндай дерттен аулақ болуын ойлайды. Қазіргі таңда қаракөз бауырларымыздың ата дінін ұмытып, басқа діннің жетегінде кетуі – ақынды ғана емес, тұтас халықты толғандыратын үлкен мәселенің бірі.

Арнайы аттандырған мыстан елдер,  
Көбейді мысық тілеу миссионерлер.  
Ата дінін айырбастап кетіп жатыр,

Тағдырдың тауқыметі қысқан «ерлер».

Өмірде аз болған соң иманды шақ,  
Қазағым қай кезде де қиналғыш-ақ,  
Исламға иіс алмас болса-дағы,  
Иегова, кришнаитқа иланғыш-ақ.

Ақын елін мазалаған дертті дөп басады. Өзге дінге өтушілер көбейсе, халықтың тамырына балта шабылар деп, дінге бөлінушіліктің түбі жақсылыққа апармайтынын түсініп, қайғырады.

Ақберен Елгезек – қазақ поэзиясына өзіндік үнімен, өзіндік болмысымен келген жас талант. Ақберен поэзиясынан тәңіршілдік рухты, діни сарын көрінісін байқау қиын емес. Ақын өлеңдерінен өмірдің шым-шытырық тірлігіне шамырыққан адами рухтың тәңірмен диалогы де естілгендей болады.

Күнәһарлар аттанатын маһшарға,  
Мына ізбен қылкөпір ме тасталған?  
Кеше ғана мың арманмен мастанған  
Екі жағы көрінбейді бастардан... [4.32]

Бес парыздың бірі, діннің ажырамас бөлігі намаз бен оразаның маңызын жас ақын Арман Бердалин өлеңінен көреміз.

Жалғанда!  
Намаз – қымбат, малдан, тіпті жаннан да!  
Ақыретте болып қалма арманда!  
Бұл сөзімнің түсінерсің астарын,  
Қара басың қауқайып,  
Қабірінде жалғыз өзің қалғанда...

Ақынның «Жүрші, әке» аталатын өлеңі ата-анасын намаз оқуға шақырған баланың үндеуі іспетті, мұсылман баласының жүрегін селт еткізбей қоймайды.

Жүрші, әке, намазға жығылайық,  
Құбылаға жүрекпен бұрылайық.  
Жәннат бағын біздерге бұйыртпайды,  
Жаратқанның болмасак құлы лайық.  
Айтты екен деп тақпашы ұлыңа айып...

Исламның бес парызын мүлтіксіз орындауға шақыру Олжас Отаров өлеңдерінен де көрініс табады.

Орындалсын бір Алланың өкімі,  
Мұсылманға ол бес парыз боп бекіді.  
Иманды бол, намаз оқы, адаспа,  
Түсінгенге жұмақтың бұл кепілі.

Ақынның «Алла деген ар болмас», «Е, Алла» атты өлеңдерінде Алланы ойлап, ізгі амалдарға бет бұрып, пайда бермес мал-мүлік

жиғаннан гөрі, жүректі иманмен сусындатуға шақырады.

Талантты ақын Шорабек Айдаров «Ақырет – ақырымыз» толғауында елін исламның қасиетін ұғынып, нәпсіні тыйып, жалғанда қызық қуғаннан бұрын, ақ жолға түсіп, Құдай сөзі Құранмен үлгі алуға үндейді.

Текті елім, терең ойлап, толғанып ал,  
Мұсылманның мызғымас қорғаны бар.  
Ол – иман, Аят, Хадис және дұға,  
Жолдас етсең, бақытың жолда тұрар.  
Қисапсыз қинау көрсең, бұл жалғанда,  
Жағдайың ақыретте оңғарылар.

Жалынды жастар өз шығармаларында Алланы дәріптеп, пайғамбарды мадақтап, парызды мүлтіксіз орындауға шақырды. Жас буын өкілдерінің дінге деген құрметі қуантпай қоймайды.

Діни сарындағы өлеңдер халқымыздың басынан өткерген үлкен тарихи кезеңдермен байланысты, мәдениет пен әдебиетте өзіндік орны бар мол мұра болып қалмақ. Рухани байлық – әр халықты толық сақтап қалатын өмір сүру құқың дәлелдейтін қайнар бұлақ. Рух бар жерде халық та бар. Ол рухты сақтау мен

толықтыру – келер ұрпақтың тарихи міндетіне айналмақ.

#### Әдебиеттер:

1. М. Мақатаев. Жарияланбаған жырлар. – Алматы: Жазушы, 1991.
2. Т. Көпбаев. Жаңғырық. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
3. С. Қосан. Жүрегімде жүз өлең. – Алматы: Арыс, 2006.
4. А. Елгезек. Көлеңкелер күбірі. – Алматы: Фолиант, 2006.
- 5.3. Ахметов. Поэзия шыңы – даналық: Зерттеу. – 2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

\* \* \*

В статье рассмотрены религиозные мотивы в современной казахской поэзии в период Независимости. Анализируются также религиозные стихи М. Мақатаева, которые в то время запретили опубликовать. Также рассмотрены стихи молодых поэтов с религиозными мотивами, таких как А. Елгезек, А. Бердалы, Ш. Айдаров и др.

\* \* \*

In article religious motives in modern Kazakh poetry in Independence are considered. It is analyzed as M. Makataeva's religious verses which have at that time forbidden to publish. As verses of young poets with religious motives such as A. Elgezsek, A. Berdaly, S. Ajdarov etc. are considered.

## Тенденции образования и развития неологизмов в русском языке

А. З. Кайбулдаева

магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены актуальные вопросы неологии и активные инновационные процессы в языке. Проанализированы характерные особенности образования и развития неологизмов в русском языке.

Непрерывное изменение мира, развитие общества влечет за собой и постоянные изменения в языке, прежде всего выражающиеся в динамике его лексико-фразеологического состава. «Возникновение новых номинаций ... как результат прогрессивного освоения мира – главная движущая сила во всех языках мира и на всех этапах развития» [1, с. 84]. «Неологический бум», который в настоящий момент переживают многие языки мира, обусловил появление новой отрасли языкознания – неологии – науки о неологизмах, занимающейся разработкой принципов выявления и

научного анализа всех видов языковых инноваций.

Неология как научное направление сформировалось сравнительно недавно, хотя отдельные вопросы, связанные с появлением инноваций на разных уровнях языка, были актуальны всегда. Среди лингвистов нет разногласий в том, что наиболее активно и очевидно инновационные процессы протекают на лексическом уровне. Пополнение языка новыми словами, отражающими социально-экономические, политические изменения в обществе и быту, происходит постоянно. Интенсивность изменений на лексическом уровне объясняется